

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ақындар поэзиясының антологиясы. – Қарағанды: Болашақ баспа, 1999. – 197 б.
2. Сәрінжіп ақын және оның тұстастары: ғылыми-шығармашылық жинақ. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. – 184 б.
3. Б.Жұмақаева. Қазақстан тарихы. – Алматы: Рауан, 2003. – 274 б.

«АЙТЫС (ҚАЛА АҚЫНЫ МЕН ДАЛА АҚЫНЫНЫҢ АЙТЫСҚАНЫ)» ПОЭМАСЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Әділова А.С., ф.ғ.д., профессор
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әр ұлттың және жалпы адамзаттың рухани құндылықтарының бірі де бірегейі саналатын әдебиетте әлем халқы үшін қай кезеңде де жауһар болып қала беретін туындылар да, белгілі бір кезеңде қоғам қажеттілігіне айналатын шығармалар да, түрлі объективті және субъективті, көбіне идеологиялық, себептерге байланысты назардан тыс қалып жататын еңбектер де бар екені мәлім. Сондай туындылардың бірі – «Айтыс» поэмасы.

Өткен ғасырда өмір сүрген ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың соңғы шығармасы деп есептелетін, құрылымы соны «Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)» поэмасы 1919 жылы жазылғанмен, аяқталмай қалған. Кезінде авторды дала ақынының өзі деп есептеп, ескілікті аңсаушы, алашордашыл, ұлтшыл, ұсақ буржуазияшы ретінде айыптауға негіз болған поэмада дәстүрлі қазақы дүниетанымның өзгеруінің нақты себебі қала деп көрсетілмесе де, көптеген мәселелерге қатысты өзіндік бағалау ашық қайшылыққа құрылған.

Қазақ халқының өркениетпен бірге келген, келетін түрлі өзгерістерден әлі де болса ада, таза кезінде жазылған бұл туындыда автор дала мен қаланы қарама-қарсы қойып, дала, сол далада өмір сүріп жатқан адамдар, даланың артықшылығы туралы өз пайым-танымын көрсетеді.

Ақын даланы, даланың ерке баласы қазақты эмоционалды реңі айқын, экспрессивтілігі жоғары, жағымды коннотациялы лексикалық бірліктермен сипаттайды. Даланың әр маусымдағы табиғаты, онда тіршілік кешіп жатқан халықтың түрлі әлеуметтік топтары, адамдар арасындағы шынайы туыстық, жанашырлық қатынастар, ұлттық дәстүрлер, ел билеушілер мен қарапайым халықтың сөзге тоқтауы, ел шетін қорғаған батырлар мен ислам дініне беріктік, қыр қазақтарында сақталған ана тілі мен кеңдік, тіл арқылы көрінетін діл-болмыс пен ұлттық ұстанымдар, жомарттық, үлкенді сыйлау, шынайылық сияқты ерекшелік-қасиеттерді көрсетеді. Аталған түсініктер тура мағынадағы номинативтер арқылы, тұрақты тіркестермен және ақын танымына сәйкес ой модельдерімен берілген: Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын; Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ; Ерікті ең даланың құсынша ұшып, ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп; Даламның кеңшілігін, бейқамдығын, Жаным іздеп, жүрегім сүйеді анық; Даладағы фальшысыз самородтың, Олармен ауыстырман бір күлісін; Ақ көйлек дала адамы аңқылдаған, Жүрегінен мейірімі сарқылмаған, т.б.

Алайда ол біртіндеп мәтін модальділігін өзгертеді, яғни оның сөзінде алаңдаушылық, сенімсіздік, болашақтан үрейлену тәрізді сезімдерді сипаттайтын жағымсыз мәнді тілдік бірліктер пайда болады, бұлар көбінесе қала тұрмысы, күнделікті тіршілік, ондағы адами қасиеттердің өзгеруі, мінез-құлқтың құбылмалылығы, әлеуметтік жіктің тереңдеуі, әділетсіздік, жалғандық т.б. секілді мәселелерді суреттегенде жиі байқалады: Қылсам да мұны көріп шүкіршілік, Жүрегім сескенеді нені біліп? Қорқамын бұл заманы кетер ме деп, Қаладан қазағымна мінез жұғып; Мас болып партияға қызып алған, Далалық табиғатын бұзып алған; Жұқтырдың көп күйенді, қала, маған, Бізді де қойған жоқсың есен-аман...

Даланы жайлаған өз халқының өміріне, мінез-құлқына, билікке таласына С. Торайғыровтың көңілі толмайды, сондықтан да қала ақынының жауабына түрлі сын көзқарасын салғаны байқалады.

Бұл поэманың тілдік ерекшеліктері қатарында этнолексиканы, авторлық-индивидуалды қолданыстарды, түрлі функционалдық стиль бірліктерін, келтірінді құрылымдарды атауға болады.

Поэмада мазмұндық-нақты ақпарат арқылы «Кедейден де көреді итін жақсы, Байыса, не ұлық боп сіздің халық» деп берілген жағымсыз коннотация ауызекі сөйлеу тілі элементтерімен мазмұндық-астарлы ақпаратқа ұштасады: «Қазақ өмірін білмейтін шаштыларға, Теріс төре айтқызып

тарылдырма. Кәпірдің сақта, құдай, қаламынан, Дала жайын білмейтін наданынан», яғни итті жеті қазынаның бірі санаса да, тар үйде ұстамаған халқымыздың бұрынғы өмірінен де хабар беріп, ділі, діні бөлек жандардың төрелік етуінен сақтандырады.

С. Торайғыровтың аталған туындысында «ақ сәуле тіркесі» екі рет кездеседі, бұл ақын үшін қазақ қызының дерексіз, жиынтық бейнесі деуге болады: «Қиғаш қас, бидай өнді сұлулар да, Әр жерден көрініс бере жарқ-жүрқ. Ақ сәуле әзілдескен құрбысына, Бұралып жауа айтар бек назданып»; «Қыран құс, жүйрік тазы босағамда, Көңілдің тарқатуға әр кірбеңін. Ақ сәуле күлімдетіп, қарсы қарап, Назданып тізесіне сүйенгенім». Сондықтан Қ. Аманжоловтың өлеңіне атау ретінде шығарылған «ақ сәуле» бірге жазылса да, оны Сұлтанмахмұт өлеңін еске салатын реминисценция деуге толық негіз бар.

«Айтыс» поэмасында назар аудартатын тілдік бірліктердің қатарында «наныс» және «жасама» сөздерін атауға болады. Алғашқы сөз дала ақынының сөзінде екі рет («Айтқаны келеді» деп халық сенген, Халық өзі наныста соған ерген – VI шумақ; Тілімде әдебиет, жаныма азық, Әм болардай көңілге наныс – қазық – X), қала ақынының шумақтарында екі рет (Бірінші ел билеуге намыс керек, Мал-жанды намыс үшін салыс керек. «Қорланып өмір сүрген тіршіліктен Өлгенім артық» деген наныс керек; «Істің бәрі құдайдан» деген наныс Бір қадам бастыра сендерді алға?) кездеседі, ал екінші сөз XI және XII шумақтарда дала мен қаланы сипаттайтын оппозиция ретінде қолданылған: Даламның еш нәрсесі жасама емес, Ешкім оны бояма және демес; Жасама қалаңдағы ойын-күлкі, қандай азық алмақшы жүрек сонан.

Біздің ойымызша қазіргі қазақ тілінде «наным», «жасанды» түрінде қолданылатын бұл сөздер ақын өмір сүрген кезең үшін, қазіргі қазақ тілі үшін де окказионал қолданыстардың қатарына жатады, себебі олар қазақ тілінің сөзжасам үлгісімен (наным – сенім, жасама – бояма, көпірме) жасалса да, тек сөйлеуге ғана тән; оны қайта қолдануға болмайды, яғни жасанды; узусқа сай емес; функционалды тұрғыдан бір-ақ рет қолданылады; экспрессивті; номинативтілігі факультативті; дербес мәнерге ғана тән.

Ақын қазақ даласында болып жатқан өзгерістердің тек сол кезеңде ғана пайда бола салмағанын түрлі реминисценциялар арқылы көрсетеді. Көшпелі өмір салтының өзгеруімен пайда бола бастаған қалаға орналасудың, үй салудың себеп-салдарын, қала тұрғынының тұрмысын, сол тұрмыстың біртіндеп сананы билеуге көшкенін, қазақ менталитетіндегі өзгерістерді әр типті келтірінді құрылымдармен вербалдаған ақын мәтінаралық байланыстардың әлеуетін ерекше бағалағаны, пайдаланғаны байқалады. Мәселен, батырлар жырына, Бұқар жыраудың, Махамбеттің, Абайдың өлеңдеріне, Ахмет Байтұрсыновтың «Масасына», М. Дулатовтың фельетонына сілтеме жасайтын цитаталар, реминисценциялар поэманың семантикасын, континуумын кеңейте, толықтыра түскен. Бұл цитаталар түрлі деңгейде, яғни сөз, сөз тіркесі, сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық арқылы байқалады. Мәселен, прецедентті атауларды сөз деңгейіндегі келтірінді элемент ретінде қарастыруға болады: Европа, Маркс, «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Маса», «желбуаз», «сұрқия» (Абай).

Ал сөз тіркесі деңгейіндегі реминисценция Абай шығармаларынан алынғаны байқалады. Қала ақыны Абай қолданысының сатиралық реңкін сақтап, өзінің субъективті көзқарасын көрсетеді: Адамзат түзелмей ме өзі істесе, Басқаға ақыл қылып айтқан сөзін. Әркім өзін міндетті санамаған, Бірліксіз, алты бақан өңкей надан; Қаланың ұлығынан орын сұрар, «Оңбайды» деп қазаққа ызаланып. Сөйлесіп орыстармен жып-жып етсе, Прощение жазуға күші жетсе.

Сұлтанмахмұт Торайғыров айтар ойының өзектілігін, салмақтылығын көрсету үшін өзінің алдында өмір сүрген атақты ақындардың өлеңдерінен эмоционалды, экспрессивті әсер-қуаты жоғары үзінділерді пайдаланған, яғни бұлар сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық деңгейіндегі келтірінді құрылымдар: «Кесекті туған аюмын; Кескілеспей басылман, Кілегей қара бұлытпын; Келе бір жаумай басылман. Тұтамдай сүйегім қалғанша, Дұшпаным, саған бас ұрман. ...Күндердің күні болғанда, Бас кесермін, жасырман...». Ақын дала ерлерін сипаттауға, субъективті көзқарасын білдіруге Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінен» ішінара өзгерістермен алған үзінді. Мұндай келтірінді құрылымдар жаңа мәтінге вертикал контекспен ассоциация жасауға мүмкіндік беріп, мәтін семантикасын толықтыруға, байытуға, кеңейтуге ықпал етеді.

Поэмада Бұқардың Абылай ханға айтты деген, ел арасында белгілі толғауынан келтірген үзінді де ақын мақсатына сай мазмұндық-концептуалды ақпаратты қалыптастыруға ықпал етеді: Жаяулап келер жұртыңа, Балды май жағар мұртыңа. Сұрамай алар жаныңды, Бауыздамай ішер қаныңды.

Есепке салар малыңды, Солдат қылар ұлыңнан, Көрерсің әлі құлыңнан.

«Айтыста» прецедентті айтылымдар даяр қалпында да, өзгертіліп те қолданылғаны байқалады. Қой асығы демеген қолайына, Жағып кетсе ел-дағы сақа қойған; Өз етігің тар болса дүниенің Кеңдігінен көрмесің дәнеңені; Көрпеңе шақта, аяқты соза берме, т.б.

Поэманың тіл ерекшеліктерінің бір парасы осындай.

Жалпы алғанда, С. Торайғыров «өзін тұтас ұлттың бөлшегі... Егер бұл бөлік әрекетсіз жатса, милләтке жасалған опасыздық болмақ. Ендеше ұлтын қадірлеген адам жан-жақты оқып, жүйелі һәм жоспарлы іс-әрекет жасауы қажет» [1,159] деп ойлаған жан, сондықтан өз поэмасында халқының жақсысын да, жаманын да ашық айтып, болашақ жағымсыз нәрселерден сақтандыруды парызы санайды.

Осылай, «жан-жақты оқып, жүйелі һәм жоспарлы іс-әрекет жасаған» Жандос Қожахметұлы Смағұлов та ұлттық әдебиеттану ғылымының тарих алдындағы кезеңін, пайда болу, қалыптасу және даму жолдарын нақты дәуірлерге бөле отырып, өзінің соны ойларымен еуропацентристік тұжырымдарға қарсы шықты; ғылыми әлеуетін толық танытып, ұлттық әдеби сынына қатысты бірнеше монография, көптеген мақалалар жариялады; өскелең ұрпақтың болашағы үшін алаңдап, оқулық, оқу құралдарының мазмұны мен құрылымына қатысты өз ойларын білдірді; қазақ филология ғылымына жаңа үлгідегі мамандар даярлады және осы аталған еңбегін әрі қарай да жалғастыратынына бек сенімдіміз..

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 192 б

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ БАУЛУ

*Бакирова И.Д., Ахметжанова У.А.,
Дене мәдениеті және спорт факультеті
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс. Әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді. Әлем тарихында патриоттық тәрбие және әскери патриоттық туралы білім ғасырларға тамырымен терең кеткен.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасының негізінде қарастыруды тиімді деп есептейміз. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс европалық және американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды.

Ал Қазақстан - әрі батыс, әрі шығыс елі, ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет. Оның өзіне тән ұлттық, қоғамдық ерекшеліктері бар. Сондықтан халықтық педагогика негізінде оқушылардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің сара жолы бар.

Ғылыми зерттеулерді оқып-зерделеп талдағанда және педагогикалық тәлім-тәрбиені ұйымдастырғанда оқушыларға патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориясы өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге мүмкіндік берді.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шындалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсіріп, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану да қарастырылып келеді.

Қазақ этнопедагогикасындағы білім өз мәні жағынан оқушылардың ішкі дүниесін, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағыттала алуы мүмкін және солай бағытталуы